

Kirkimbayeva Zh.S., Biyashev K.B., Ermaganbetova S.E., Kuzembekova G.B., Daugalieva S.T.

LEPTOSPIROSIS IN PRODUCTS SLAUGHTER CATTLE: BACTERIA IN INTERNAL ORGANS AND MORPHOLOGICAL DATA

The article presents the data of pathological, bacteriological and molecular genetic study of slaughtered cattle products.

Keywords: Leptospirosis, cattle, diagnosis, PCR, Public health.

ӘОЖ 617.089: 615.2/3

**Махмутов А.Қ., Иманғалиев А.Қ., Төребеков О.Т.,
Омарбекова Г.Қ., Алимгазина С.Б.**

Қазақ ұлттық аграрлық университет

ОПЕРАЦИЯДАН КЕЙІНГІ АСҚЫНУЛАРДЫ ЕМДЕУ МЕН АЛДЫН-АЛУДА ТРАВМАТИН ПРЕПАРАТЫН ҚОЛДАНУ

Андатпа

Мақалада ұсақ үй жануарларының құрсақ қуысына операция жасалғаннан кейінгі пайда болатын асқынулар қарастырылды. Асқынуларды емдеу мен алдын-алу үшін Травматин препаратын қолдану тиімділігі туралы мәліметтері келтірілген.

Кілт сөздер: құрсақ қуысы, гомеопатия, операция, травматин, препарат, асқыну.

Кіріспе

ТМД-ның әр түрлі аймақтарында ұсақ үй жануарларының репродуктивтік жүйесінің аурулары, аурулардың жалпы сандарынан 12-20% құрайды. Ресейдің ғалымдарының мәліметтері бойынша, Ресейде соңғы бес жыл ішінде жануарлар арасында жыныс мүшелерінің қабыну процесі 45%-ға ұлғайды. Қазіргі ветеринарияда асқынудың жалпы өзекті мәселелері – жоғарғы жиілік, кездесетін рецидивтер, ауруға балау жасаудағы қиыншылық және емдеу, эндометриттің ауыр ағымы (жатырдың үзілуі, септицемия, гломирулонефрит, перитонит, бедеулік) басты себеп болып отыр [1, 2].

Осы айтылған мәселерге байланысты қала тұрғындарының басым бөлігі үй жағдайында ұсталатын ит пен мысықтарына жоспарлы пішу операциясын жасау туралы шешім қабылдайды [3].

Операция ұрғашы жануарларда құрсақ қуысын ашу арқылы жүретін болғандықтан жарақаттық үрдіс міндетті түрде дамиды. Өкінішке орай соңғы жылдары экологияның өзгеруінен, азықтандыру мен күтіп – бағудың нашарлығынан операциядан кейінгі асқынулар көбеюде.

Жарақаттар хирургиялық аурулардың ішіндегі ең жиі кездесетін кеселдің бірі, ғалымдардың деректері бойынша шаруашылықтағы кездесетін аурулардың 94-97 пайызы жұқпалы емес ішкі аурулар, соның ішінде 40 пайыздан астамы хирургиялық аурулар екен. Көптеген ғалымдардың деректеріне жүгінсек жарақаттар үлесіне хирургиялық аурулардың 23-30 пайызы тиеді. [4, 5].

Операциядан кейінгі асқынулардың алдын-алу үшін біз Травматин препаратын қалыптасқан емдік препараттармен салыстырмалы қолдандық. Ол препарат өз кезегінде гомеопатиялық дәрілік препараттар тобына жатады.

Батыстың химиялық дәрілеріне кеңінен көңіл бөліп, гомеопатия ілімі тасада қала берген. Айта кетер жайт, гомеопатия емі қымбат саналатындықтан, әлем бойынша тек аксүйектер мен байлардың емделетін ем түрі саналады. Тіпті кезінде Мәскеуде Кремльдің адамдары ғана пайдаланған деген дерек бар. Алайда Батыспен салыстырғанда біздегі гомеопатиялық емнің бағасы тіпті дәстүрлі емнен әлдеқайда арзан. Гомеопатия, негізінен, «пышақсыз» емдеуді қарастырады. Ал гомеопатия арқылы емдеп қана қоймай, операцияның да алдын алуға болады [6].

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу жұмыстары 2015 жылының алғашқы жартысында Алматы қаласындағы ғылыми өндірістік ветеринариялық оталығында жүргізілді. Жалпы құрсақ қуысына операция жасалынған ит пен мысықтардың саны 35 болса, оның 23- овариоэктомия, 3-цистотомия, 3-құрсақ жарығы, 2-Кесар тілігі, 4-энтеротомия болған. Жануарлар әр түрлі жастағы және әр түрлі тұқымды болды. Операциядан кейінгі асқынулары бар үй жануарларын 2 топқа бөлдік, әр топта 5 жануардан болды және бір-екі күн аралығында операция жасалынған асқыну жоқ 6 жануар алынды. Талапқа сай күнделікті клиникалық бақылаудан өткізіп тұрдық. Тексеру кезінде өзін-өзі ұстауын, жануар жағдайын, жыныс мүшелерінің кілегейлі қабықтары тексерілді. Клиникалық зерттеулерді операцияға дейін және операциядан кейінде жүргізілді. Операциядан кейінгі 5 күн қатарынан және жібін аларда 7-ші күні тексердік.

Барлық топтағы, жануарларға лапорскопия ақ сызық бойымен жасалынды. Тері жарақаты бар 28% жануарларда операциядан кейінгі қабыну байқалды. Оның ішінде 3 жануарда операциядан кейінгі іріңді қабынулар анықталды, ол микроорганизмдердің контаминациясынан болады.

Үшінші және төртінші екінші топтағы жануарлардағы айырмашылық:

3-ші топтағы мысықтарға қабыну мен лимфорреяның алдын алу мақсатында 3кг салмақта 0,5 мл Травматин препараты егілді.

4-ші топтағы мысықтарға тек бір реттік антибиотик тағайындалды (кесте1).

Кесте 1 – Жұмыстың негізгі деректері

Ауру барысы	Жануарлар топтары	Жануарлар түрлері	Қолданылған препарат	Ауру түрі
Асқыну үрдісі бар	1-ші топ	4 мысық 1 ит	Травматин	Лимфорея, домбығу, канталау, шырыштың ағуы, аздаған ірің
	2-ші топ	3 мысық 2 ит	Гамавит	Лимфорея, домбығу, канталау, аздаған ірің
Асқыну үрдісі байқалмаған	3-ші топ	3 мысық	Травматин	-
	4-ші топ	3 мысық	Цефозолин	-

Кестеден көрініп тұрғандай бірінші және үшінші топқа Травматин препаратын, екінші топқа Гамавит иммуномодуляторын, үшінші топқа Цефозолин антибиотигін ектік.

Зерттеу нәтижелері және талдау

Бірінші және екінші топтағы жануарларда операциядан кейін лимфоррея байқалады, себебі мысық иелерінің жануарларына антибиотик терапиясынан бас тартқан және бекемдейтін бондаждың болмау салдарынан. Топтарды емдеуде сәйкесінше емдеу нобайын жасадық (кесте 2).

Кесте 2 – Қолданылған ем нобайы

Топтар	Препарат атауы	Енгізу жолы	Мөлшері	Емдеу күндері						
				1	2	3	4	5	6	7
1-ші топ	Травматин	Тері астына тәулігіне бір рет	0,2 мл-1 кг	+	+	+	+	+		
2-ші топ	Гамавит	Тері астына тәулігіне бір рет	0,3 мл-1 кг	+	+	+	-	+	+	+
	Антибиотик Цефозолин	Бұлшық етке	10мг-1кг	+						

Кестеден байқалғандай ем курсы 5 және 7 күнді құрады Травматин препаратын қолданған топта жазылу үрдісі 5 тәулікте толықтай аяқталды. Гамавит иммуномодуляторын қолданған топта жазылу үрдісі тек 2 тәуліктен соң толықтай аяқталды.

Жарақаттың өту процессін бағалау мақсатында клиникалық бақылау барлық топтарда жүргізілді: емге дейін және 1, 3, 5, 7 тәуліктерде жара жазылып, қабыну үрдісі жоғалғанға дейін жүргізілді. Күнделікті дене температурасын өлшедік, тынысын және тамыр соғысын анықтадық. Емге дейін жануар тәбеті төмен, артқы аяғын баса алмайды.

Емге дейін 1 мысықта ашық жара болып, көрініп тұр. Екінші мысықта жабық жара, бірақ аяғын мүлдем қоя алмайды. Өте қатты ауырсыну сезімі байқалады. Дене температурасы, тамыр соғуы, тыныс жиілігі қалыпты көрсеткіштерден әлдеқайда жоғары, жергілікті температурасы да жоғары болды. Екі топтаға ем алдындағы орташа көрсеткіштер: дене температурасы 41,2°C, тамыр соғуы минутына 144,7 соққы, тыныс жиілігі минутына 45,3 қимыл болды.

Ем жүргізгеннен бастап бірінші топта 3-ші тәуліктен, ал екінші топта 4-5-ші тәуліктерден жануарлар жарасында ауырсыну сезімі және гиперемия байқалмады.

5-ші тәулікте домбығу мен гиперемия төмендегіні, операция орнындағы ауырсыну сезімі жоқ. Орташа көрсеткіштер бойынша екі топтағы жануарлардың дене температурасы 38,4°C, тамыр соғуы минутына 110,5 соққыны, тыныс жиілігі минутына 29,6 қимылды құрады.

7-9-шы тәуліктерде жара жазылған. Дене температурасы, тамыр соғуы және тыныс жиілігі қалыпты жағдайда.

Асқынудың алдын алу үшін құрылған топтардағы жануарлардың клиникалық көрсеткіштерінде және жараның жазылу үрдісінде айтарлықтай өзгерістер тумады. Жаранаң жазылу үрдісі өзінің уақытымен жүріп отырды.

Қорытынды

1. Ұсақ ұй жануарларының құрсақ қуысына жасалынған операциядан кейінгі қабынулар негізінен күтімнің дұрыс болмауынан және микроорганизмдердің контаминациясынан болады.

2. Травматин препараты операциядан кейінгі асқынуларды тоқтатады. Ол асқынулар уақытысында антибиотиктік емді қолданбауына мүмкіндік береді.

3. Операциядан кейінгі асқынулардың алдын алу үшін де Травматин препаратын қолдануда жақсы нәтиже берді.

Әдебиеттер

1. Карташов С.Н. // XIII Международный Московский конгресс по болезням мелких домашних животных. Всероссийский ветеринарный конгресс. Материалы. - М., 2005. С. 87-88бет.

2. Дюльгер Г.П. Акушерство, гинекология и биотехника размножения кошек. Москва., КолосС., 2004
3. Баранов А.Е. Для любимой кошки. -М., 1992. С. 128.
4. Илиясов Б.К. «Ветеринариялық хирургия» Алматы 2009, 133 бет.
5. Усенбеков Е.С. Акушерство и гинекология собак и кошек. Алматы., 2010
6. Краснюк И.И. Фармацевтическая гомеопатия / М.: Академия, 2005. С. 272 .

Махмутов А.К., Имангалиев А.К., Туребеков О.Т., Омарбекова Г.К., Алимгазина С.Б.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПРЕПАРАТА ТРАВМАТИН ДЛЯ ЛЕЧЕНИЯ И ПРОФИЛАКТИКИ ПОСЛЕОПЕРАЦИОННЫХ ОСЛОЖНЕНИЙ

В статье рассматриваются послеоперационные осложнения мелких домашних животных при операциях на брюшную полость. Для лечения и профилактики послеоперационных осложнений использовали препарат Травматин. Препарат показал положительные результаты.

Ключевые слова: брюшная полость, гомеопатия, операция, травматин, препарат, осложнения.

Makhmutov A.K., Imangaliev A.K., Turebekov O.T., Omarbekova G.K., Alimgazina S.B.

TRAVMATIN USE OF DRUGS TO TREAT AND PREVENT POST-OPERATIVE COMPLICATIONS

The article deals with post-operative complications of small animals in the abdominal surgery. For the treatment and prevention of post-operative complications have used the drug Travmatin. The drug has shown positive results.

Key words: abdomen, homeopathy, operation travmatin, drug complications.

УДК 637.068

Мустафина Р.Х., Майканов Б.С.

Казахский агротехнический университет имени С. Сейфуллина, г. Астана

КОНТАМИНАНТЫ ПЧЕЛИНОГО МЕДА

Аннотация

Нами были проведены исследования пчелиного меда на основные его контаминанты (пестицид Гексахлорциклогексан (ГХЦГ) и его изомеры, Дихлордифенил-трихлорэтан (ДДТ) и его метаболиты, соли тяжелых металлов, радионуклиды, антибиотики).

Ключевые слова: мед, антибиотики, безопасность, оценка, качество.

Введение

В связи с ухудшением экологической обстановки, остро стоит вопрос о качестве и безопасности меда для потребления в пищу. В процессе сбора нектара, переработки и хранения в мед могут попадать несвойственные для данного продукта вещества.